

«Ол кім? Бұл не?» әдісі

Мақсаты:

Географиялық терминдер, объектілер, зерттеушілер, табиғи құбылыстар туралы білімді бекіту.

Оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру және ойлау қабілетін дамыту.

Ережесі:

1. Мұғалім бір географиялық объект, тұлға немесе құбылыс туралы қысқа сипаттама береді. Оқушылар сипаттамаға қарап, жауап береді.

2. Дұрыс жауап берілмесе, қосымша сұрақтар қойылады немесе түсіндіріледі.



Тиімділігі:

- Жаңа түсініктерді қысқа уақыт ішінде қайталай алады.
- Оқушыларды белсенді түрде ойлауға және жауап іздеуге шақырады.
- Танымдық және сөздік қорды нығайтуға көмектеседі.

